



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

11 маусым
сенбі

№46 (1851)

2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ӘБИГЕР

ӘЛЕМ



РЕСЕЙ-УКРАИНА: МЕКТЕПТЕГІ «МЕЙІРІМ»

Киевтің солтүстігіндегі Катюжанка ауылы наурыздан бастап бір айға жуық ресейлік әскерлер бақылауында болды. Жақында Украина билігі ауылды қайтарып, қайта қалпына келтіру жұмыстарын бастады. Осы орайда ауыл мектебі тоналғаны, қажетті жарактар алынып кеткені анықталды. Қирандыға айналған мектептен ресейлік әскерлердің оқушыларға жазған «хаты» анықталды. Бұл туралы CNN арнасының тілшілері Саньо Филиппов пен Ивана Коттасова «Орыс әскерлері украин мектебін талқандап, оқушыларды бейбітшілікке шақыратын хабарлама қалдырған» тақырыбында мақала жарық көрді.



Наурыз айында Украина әскерлері Киевтің солтүстігінде бір айдан астам уақыт бойы Ресей басқыншылығында болған Катюжанка ауылын бақылауға алған соң қираған жергілікті мектепті тапқан. Ұрланбаған техниканың барлығы талқандалып, мектеп ауласында уақытша зират, футбол алаңында терең окоп қазылған.

Қираған мектеп бөлмелерінің бірінде қабырғада ілулі тұрған жасыл тақтада оқушыларға арнап бормен хат жазылып, оған «орыстар» деген қолтаңба қойылған.

Хабарламада «Балалар, мына тәртіпсіздік үшін кешіріңіздер, біз мектепті сақтап қалуға тырыстық, бірақ бізге оқ атылды. Сабырлы өмір сүріп, өздеріне қамқор болындар және үлкендердің қателігін қайталамандар. Украина мен Ресей бір халық!!! Бауырлар аман болсын!» – деп жазылған.

Бұл – мектепте жазылған бірнеше хаттың біреуі ғана. Одан бөлек «Біз әлем тыныштығын қалаймыз», – делінген екінші жазбада. CNN арнасы жазбаларды кім жазғанын тексерсе алмаған.

Катюжанка орта мектебінің директоры Микола Микитчик арнаға берген сұхбатында жазбаларды тапқанда жиіркенгенін айтқан. «Олар «орыстар мен украиндар ағайынды» деп жазды. Бірақ сонымен бірге олар мектепті тонап кетті... Компьютерлерді қиратты, ноутбуктерді, принтерлерді алып кетті, мектепте ештеңе қалдырған жоқ! Бұл айуандық пен екіжүзділік», – деді ол.

Мектеп директоры сонымен қатар мектеп аумағынан үш мина, бірнеше граната мен оқталған автомат магазині табылғанын айтты. Соғысқа дейін күн сайын 500-ден астам баланы тамақтандыруға пайдаланылған жаңа ас үй толығымен қиратылған.

Украина Қорғаныс министрлігі 3 наурызда жариялаған жедел есебі бойынша, Ресей әскерлері сол кезде Катюжанканы бақылауға алып, сол жерде және аймақтың басқа елді мекендерінде тыл лагерін орналастырған.

Катюжанка шағын, бірақ Киевке апаратын негізгі жолдың бірінде орналасқан стратегиялық маңызды ауыл. Наурыздың басында спутниктен түсірілген суреттерден бұл аймақта танктерден, бронетранспортерлерден және артиллериядан тұратын 64 шақырымға созылған ресейлік әскери колонна анықталды.

Директор ресейлік әскер шамамен 5 миллион украин гривнев көлемінде шығын алып келді деп есептейді және ол оқушылардың жақын арада қайтып оралатынын елестете алмайтынын айтқан.

«Барлығын алып кетті. Тіпті тоқ сымдарын да ұрлаған», – дейді ол. Осы ретте мектепте қалған тағы бір жазбада: «Бір-бірлеріне адал болындар, мұқтаж жандарға көмек қолын созындар. Біз дос бола аламыз деп үміттенеміз! Болашақта бейбітшілік алып келетін дәрігер, инженер, мұғалім болындар!» – делінген.

4 БЕТТЕ

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

Кітапхана – ғасырдан-ғасырға адамзат тарихы керуенінің көшін бұзбай келе жатқан парасаттылық пен білімнің, рухани байлық пен біліктіліктің киелі ордасы. Кітап – қаймақ, білім – оймақ. Соңғы кезде тұрғындардың кітап оқу дәрежесін жоғалтпай, керісінше білім мен ғылым кілтін деген қызығушылығы күн санап артып келе жатқаны ерекше қуантады.

КІТАПХАНАҒА КӨМЕК КЕРЕК



Бүгінде қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты «Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» деп аталатын мекемесі бар. Оңайлатып айтатын болсақ, қалалық кітапхана. Бұл – кітапхана өңірдегі кемел шаңырақтың бірегейі. Қалалық кітапхананың жайы қалай? Онда оқырмандардың рухани сұранысы қаншалықты қанағаттандырылып жүр? Бүгін міне, осы мәселелер төңірегінде ой өрбітпекпіз.

3 БЕТТЕ

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

ӘСКЕРДЕГІ ӘЛІМЖЕТТІК АНАЛАРДЫҢ ТҮН ҰЙҚЫСЫН ТӨРТ БӨЛЕДІ



«Апатай-ау ұлыңыз жігіт болды, жас кеуде. Батанды бер, мен бүгін аттанамын әскерге». Бұл өлең жолдарынан әскерге баруға асыққан жас жігіттің қуанышы байқалады. Әрбір жігіт осылай ата-анасының батасын алып,

елін қорғау мақсатында әскери борышын өтеуге аттанады. Өткен, сол үміт жетелеп кеткен кейбір жас жігіттер өмірмен қош айтысып, қыршын кетіп жатыр. Мұндай жағдайды көріп отырып, кім ұлын әскерге жіберсін...

2 БЕТТЕ

ЖУРНАЛИСТ БАСҚА МАМАНДЫҚТА

ӨРТ ӨТІНДЕГІ ӨМІР

– РЕПОРТАЖ –

Мың түрлі саланың тыныс-тіршілігін таразылап, оқырманға бүкпесіз баяндау – біздің басты мақсатымыз. Әрбір саланың өзіне тән қиыншылығы мен қызығы болары әмбеге аян. Кезекті газет нөмірінің жоспарына сай редактор тапсырмасын алып, өрт сөндіру мекемесіне хабарластым. Ондағы ойым – осы саланың сан қатпарлы ісі мен ішкі талабын сезініп, жұртшылыққа кеңінен жеткізу.



Облыстық ТЖД өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінің баспасөз хатшысы Әлия Қайратқызы бізбен байланысты. Өңгіме әлкиссасын әріден түсінген әріптесіміз межелі мерзімді белгілеп берді. Сонымен уағдаласқан уақытта фототілші Нұрболат Нұржаубайды ертіп, №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне бардық.

Кіреберіс аумақ алдынан күзет командирі келген мақсатымызды біліп, кезекші бөлімге хабар берді. «Сырт көз сыншы» демей ме, айналамызға зер салғанымыздан мұндағы тәртіптің қатаң екендігі бірден байқалды.

4 БЕТТЕ

КӘСІП

БАБЫН БІЛСЕН, ПАЙДА МОЛ



Бүгінде істің орайын тапқан адамға айналысатын шаруа көп. Әркімөзініңңайына келетіністен несібесін жейді. Соңғы жылдары жақсы қолға алына бастаған тың кәсіптің бірі – бал арасын бағу. Өңірдің омарташылары жыл сайын тәжірибе жинап, әрі бұл іске айтарлықтай қызығушылық танытып келеді. Нәтижесі де жаман емес. Облыстағы омарташылар жыл сайын тонналап ара балын жинайды.

Қызылорда қаласының тұрғыны Айбек Қалаубаев омарташылық кәсіппен 2019 жылдан бері

айналысып келеді. Алғашқыда жақындарынан көріп, қыр-сырын жақсы меңгерген ол өзі жеке кәсіп ашуға бел буады. Алайда бал арасын қалада өсіру біраз қиындық тудырған іспетті. Сондықтан жаз мезгілінің ортасында омартасын ауылға көшірмекші. Ең қызығы, ол ауылда өз ісімен қатар жаңадан үйренгісі келетіндерге көмектесуге дайын екенін айтты. Себебі оның мақсаты – осынау кәсіпке қазақ жастарын көбірек тарту, оларды тың кәсіпке баулу.

2 БЕТТЕ

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына ұдайы бақылау жүргізілуде. Салаға жауапты мамандар әлеуметтік дүкендердегі тауарларға байланысты ешқандай тапшылық жоқ екенін алға тартады. Қазіргі уақытта тұрақтандыру қорында – 1167 тонна өнім бар. Оның ішінде, бірінші сортты ұн – 257 тонна, қарақұмық жармасы – 273 тонна, күріш – 84 тонна, өсімдік майы – 474 тонна.



Бүгінде облыстағы тұрақтандыру қорында 78,9 тонна қант бар. Дегенмен әлеуметтік дүкендерде қант тапшылығы сезілуде. Осыған байланысты «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК» АҚ арқылы 272 тонна қант тұрақтандыру қорына жеткізіліп, 38 әлеуметтік дүкендер мен әлеуметтік бұрыштарда төменгі бағада сатылуда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы бас-

шысының орынбасары Айнұр Тлеулесев мәлімдеді.

Оның айтуынша, қант өнімінің қат болуының басты себебі – бұл мәселеге келгенде шет мемлекеттерге тәуелді болуымыздан және көршілес мемлекеттердегі саяси ахуалға байланысты дейді. Бұл мәселені оңтайландыру үшін облыс әкімдігі мен «Көксу қант зауыты» ЖШС арасында 612 тонна қант босату жөнінде келісімшарт жасалды.

2 БЕТТЕ

ӘСКЕРДЕГІ ӘЛІМЖЕТТІК АНАЛАРДЫҢ ТҮН ҰЙҚЫСЫН ТӨРТ БӨЛЕДІ

САРБАЗ ӨЛІМІНЕ НЕ СЕБЕП?

«Әскерге ұлыммен еріп барамын». Бүгінде аналар ойнап айта да ойындағыларын осылай айтып жүр. Себебі әке мен ана әскерге кеткен ұлын қарсы алудың орнына, табытын әкелетін жағдай көбейді. Бүгінгі ақпарат құралдарынан осындай жағымсыз жаналықтар естіп жүрміз.

Сәуір айының соңында тағы бір сарбаз көз жұмды. Маңғыстаулық жас сарбаздың жұмбақ өлімі қоғамда үлкен резонанс тудырды. 18 сәуірде 18 жастағы Әлібек Қалбай әскерге аттанады. Ал 10 күннен кейін ата-анасы ұлының қайтыс болғаны туралы қаралы хабар алады. Айтуға оңай. Алайда үлкен қасірет.

Жас сарбаздардың белгісіз өлімі туралы орын алған жағдайлар мұнымен тоқтамады. Жамбыл облысында Шекара қызметінде 2 наурызда жоғалып кеткен қатардағы жауынгер Ұлықбек Айдарбекұлының мәйіті сәуір айында табылды. Жұмбақ жағдайда жоғалған сарбаз өз-өзіне қол салған деген күдікті ақпарат желдей есті. Бір айда екі жас қыршын кетті. Елімізді қорғаймыз деп аттанған азаматтарға елінен қорған болмады. Бейбіт күнде балаларынан айрылған ата-ана қасірет шегіп қалды.

Үшінші жағдай 4 маусымда болды. Маңғыстау облысының Бейнеу ауданындағы шекара қызметінде борышын өтеп жүрген сарбаз өз-өзіне қол жұмсаған. Шекара қызметінің басшылығы сарбазда отбасылық-тұрмыстық проблемалар болды деп ақпарат берген.

Әскердегі әлімжеттік туралы оқып біліп отырған ата-аналар ұлын борышын өтеуге жіберуге қорқатындарын жарысып жазуда.

Аталған үш өлімнің де себебі өз-өзіне қол жұмсау деп түсіндіреді. Әскерде өз-өзіне қол жұмсайтындай не қиындық көреді? Бұның анығы айтылмайды. Қашанғы құпия қылмыс жас сарбаздардың өмірін қия береді?

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Әскердегі әлімжеттік бүгін пайда болған мәселе емес. Жауынгерлердің өз-өзіне қол салу оқиғасының тамырына балта шабылмай тұр. Яғни бұл мәселе кей жылдары азайғанмен, кей жылдары өршіген. Республикалық «Айқын» газеті келтірген мәліметтерге сүйенсек, 2010 жылы әскерде 17 суицид оқиғасы тіркелсе, 2011 жылы бұл сан 21-ге дейін өскен. Бұдан бөлек, 2015 жылы – 11, 2016 жылы – 6, 2017 жылы – 6 жауынгер өз өмірін өзі қитан деген дерек бар.

Басы 1-бетте

«Сарбаздың өз-өзіне қол жұмсауы іштегі жалпы тәртіптің ақсауынан болады» деген пікірлер бар. Қайғылы оқиғалар осындай жағдайда орын алатыны белгілі. Себебі әскердегі әлімжеттікке шыдай алмай, өзіне қол жұмсайтындар тек біздің елде ғана емес. Өркениетті елдердің әскери бөлімдерінде мұндай жағдай кездеседі. Мәселен, өз-өзіне қол жұмсау Израиль әскери қызметшілері арасында көп кездеседі деген мәлімет бар. Атап айтсақ, 2017 жылы 16 әскери қызметші өзіне қол жұмсаған. Оның 13-і сарбаз болып



шыққан. Дамыған ел саналатын Американың Қарулы күштерінде 2018 жылы 325 әскери қызметші өз-өзіне қол жұмсаған. Ал 2017 жылы оларда суицид оқиғасы тіркелген.

Сандар көрсеткен мәліметтерге қарап, ешкім ұлын әскерге бермесі анық. Дегенмен ер-азаматтың басты парызы – Отан алдындағы борышын өтеу. Сондықтан да өрескел қылмыс көп елде кездескенмен, біздің елдің әскерінде мүлде болмағаны дұрыс дейміз.

САРБАЗ САПҚА ДАЙЫН БА?

Әскерге барып, сарбаз ретінде сапқа тұру үшін алдын-ала тексеруден, іріктеуден өтетіні белгілі. Осы жайында білгіміз келіп, облыстық қорғаныс департаментіне барсақ, бір топ жігіттер іріктеуден өтіп жатыр екен. Олардың көзінен қорқынышты емес, борышымды өтеймін деген қуанышты байқалды. Міне – ер-азамат.

– Бүгін тексеруден өткелі тұрған жігіттер Отан алдындағы борышын өтеуді қасиетті парызы деп түсініп тұр. Яғни армияға барып, сапта тұруға дайын. Біз олармен пікірлесу барысында моральдік және психологиялық тұрғыдан дайындығын тексереміз. Оның отбасылық жағдайы сұралады.



төмен. Жастардың кредиті көп. Оларды әскерге кеткеннен кейін ешқандай мәселе алаңдатпауы тиіс. Денсаулығы мықты, физикалық жағынан мығым азаматтар жарамды болса әскерге баруға міндетті. Болашақта елімізді қорғайтын – осы жігіттер. Қазіргі уақытта әскердегі тәртіпті күшейту қатаң қадағалануда. Сондықтан алдағы уақытта әрбір ата-ана баласы үшін алаңдамайды деп үміт артамыз, – дейді облыстық қорғаныс департаментінің психологиялық қызмет бастығы, майор Нәзля Набиқызы.

«БІЗДЕГІ МІНДЕТ – ТӘРТІПТІ ҚАДАҒАЛАУ»

Қызылорда қаласында ҚР Ұлттық ұланының 5547 әскери бөлімі орналасқан. Аталған бөлімде 300-ден астам мерзімді қызмет әскери қызметшілері борышын өтеуде. Бөлімшедегі сарбаздардың жағдайы қалай? Бөлім командирінен сұрағанды жөн көрдік.



Медициналық тексеруден өтіп, денсаулығының жарамдылығы туралы сынан өткеннен кейін әскери бөлімге жөнелтіледі. Біздің облыстың ата-аналарына алғыс айтамыз. Жағымсыз жаңалықты естіп отырса да баланы әскерге жіберуге ниеттері дұрыс. Қазіргі көп жағдайда әлеуметтік деңгей



– Сарбаздар барлық әскери қамту түрлерімен қамтылған. Үш мезгіл тамақ беріледі. Әскери киім үлгісі жыл мезгіліне қарай қамтамасыз етіледі. Оқу-жаттығу кезінде қару-жарақ қолданады. Денсаулықтары бөлімнің медицина қызметкерлерінің және бөлініс командирлерімен қатаң бақылауға алынады. Сарбаздар үшін Ұлттық ұлан басшылығы тарапынан барлық жағдай жасалған. Әскери тәртіп ең алдымен ҚР жалпы әскери жарғысының талаптарына сай реттеледі. ҚР заңдарымен басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сай күшейтіліп жұмыс жүргізіледі. Бөлімдегі тәртіпке барлық әскери қызметші саналы түрде жауапты. Әскери тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуде үздіксіз қызмет атқаратын әскери полиция бөлімшесі бар. Әскери тәртіп өз деңгейінде. Біздегі міндет – тәртіпті қадағалау, әлімжеттіктің алдын-алу. Қазіргі қайғылы оқиғалар сарбаздар туралы теріс пікір қалыптастырды. Әскери өмірде қатаң қағида жоқ. Тек темірдей тәртіп пен жарғылық қарым-қатынас талаптары бар. Барлық әскери қызметші заң талаптарына сай өз міндеттерін орындайды, – дейді 5547 әскери бөлім командирінің тәрбие және құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник Берік Абайұлы.

«ӘСКЕР – ӘЛСІЗДЕРДІҢ ОРНЫ ЕМЕС»

Әлімжеттік туралы сөз қозғап, ер-азаматтарды әскерге барудан жалтарудан аулақпыз. Біздің мақсат – елім деп кеткен ерлер аман жүрсе деген тілек қана. Осы орайда борышын өтеп, аман-есен елге оралған сарбаздан әскердегі шын өмір туралы сұрағанды жөн көрдік.

– Алматы облысы Қапшағай қаласында 32363 әскери бөлімінде борышымды өтедім. Қалай дегенмен де армияның тәртібі мен талабы қатаң. Себебі оның ел алдындағы міндеті жоғары. Жас жігіттерді нағыз адам болуға, батыл болуға шыңдайтынны ескеру қажет. Енді ондағы жаңадан шақырылғандарға намысқа тиетін лақап ат тағу, таң атпай ұйқыдан ояту, еш себепсіз жер жөбіріне жету, бір күн тамақ бермеу қалыпты саналады. Бұл бәріне белгілі жағдай. Тек ерек болған соң осындай қиындыққа шыдау керек. Әлсіздері сыңға шыдамай, сынады. Сұраққа жауап бере отырып, әскердегі күндер еске түсті. Таңертен ерте тұрып жүгіреміз. Таңғы астан кейін оқу-ағу жаттығуларын жасаймыз. Кешке барлығының денесін тексереді. Сарбаздарды түгендейді, ауырып қалғандардың



себебін сұрайды. Кешкі серуенге шығып өлең айтамыз, ата-анамызға хат жазамыз. Мұның барлығы әдемі естеліктер. Жалпы әскерге бару абырой деп білемін. Ер жігіттің басына не келіп, не кетпеген. Үлкен сынаққа шыдау керек. Әскер – әлсіздердің орны емес, – дейді Нұртуған Батырбайұлы.

БОЗБАЛА БОРЫШЫН ӨТЕУГЕ МІНДЕТТІ

Қоғамдағы келенсіздік әскерге баруға немқұрайлы қарайтын кейбір жастардың тілегін қабыл еткендей. Әлімжеттікті айтып борышын өтеуге бармайтындар көбеюі мүмкін. Себебі әскерге жарамсыз болып қалған жігіттер қуанады. Бұрын бозбала мұндай



жағдайда намыстанатын. Қазір ол сөзге елең етпейді. Осындай жағдайды көріп, жігіттер намыссыз болып кеткен бе деген ой келеді. Дегенмен кей ата-ана «ұлы айбынды қарашыңды болса» дейді.

– Әскердегі басты тәртіп – тазалық пен шапшаңдық. Нағыз әскерде осы негізгі талапты орындай алмасаң, жейтін таяқ та, ашу-ыза да сенікі болатын

P.S. Бұрынғы кезде ата-ана «ұлым әскерге аттанады» деп қуанатын. Дәл қазіргі уақытта олардың түн ұйқысы төрт бөлінді. Бірі әскердегі ұлының бас амандығын ойлайтын болса, екіншісі «ұлым әскерге жарамсыз болып шықса екен» деп тілеуін тілейді. Қоғамдағы әділетсіздік осындай халге жеткізді. Әскердегі әділетсіздік пен әлімжеттік қашан аздады? Бұл – көп көкейіндегі сұрақ. Бірақ жауабы табылар емес. Ал жігіттер қалай болғанда да Отан алдындағы борышын өтеп, ел басына күн туғанда елін, жерін қорғауға міндетті.

Айтқалқы АЙТЖАНОВА

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

– Соңғы уақытта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына, оның ішінде қант өніміне байланысты мәселелер жиі көтерілуде. Жалпы біздің өңір қант нарығында импортқа тәуелді екенін айтқым келеді. Сондай-ақ бұл өнім Жамбыл, Алматы облысы мен көршілес Ресей елінен жеткізіледі. Бүгінде облыс бойынша қанттың орташа бағасы – 455 теңгені құрап отыр. Ал әлеуметтік дүкендер мен әлеуметтік бұрыштарда қант – 263 теңгеден, яғни нарық бағасынан екі есе арзан сатылуда, – деді Айнур Тлеулеева.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына ұдайы бақылау жүргізілуде. Салаға жауапты мамандар әлеуметтік дүкендердегі тауарларға байланысты ешқандай тапшылық жоқ екенін алға тартады. Қазіргі уақытта тұрқандандыру қорында – 1167 тонна өнім бар. Оның ішінде, бірінші сортты ұн – 257 тонна, қарақұмық жармасы – 273 тонна, күріш – 84 тонна, өсімдік майы – 474 тонна.

Басы 1-бетте

– Жыл басынан бері облысқа 500 тоннаға жуық өсімдік майы жеткізіліп, әлеуметтік дүкендерде 630 теңгеден сатылуда. Одан бөлек, тұрқандандыру қорына 272 тонна көлемінде қарақұмық жар-



масын сатып алды. Жалпы ірі сауда орталықтары мен әлеуметтік дүкендерде азық-түлікке байланысты тапшылық жоқ. Облыстағы тұрқандандыру қорының өнімдері және «айналым схемасы» шеңберінде қарыз алған кәсіпкерлік субъектілерінің өнімдері 39 әлеуметтік дүкен арқылы және облыс

орталығының 13 ірі сауда үйінің әлеуметтік бұрыштары арқылы сатылады, – деді «Алтын Қамба» Агроөнеркәсіп комбинаты» ЖШС директоры Талғат Бекішов.

Алайда бұл – жауапты мамандар айтқан ақпарат қана. Облыстық «Қызылординские вести» газетінің тілшісі Мира Жакибаева «Әлеуметтік дүкеннен» арнайы барып күріш, картоп пен сәбіз алып келген. Сапасы көңіл көншітпейтін тауарларды сату қаншалықты заңдылық деген сұраққа «Алтын Қамба» Агроөнеркәсіп

комбинаты» ЖШС директоры Талғат Бекішов жауап берді.

– Біз қазір тез бұзылатын өнімдерді қоймада сақтамау туралы шешім қабылдадық. Әлеуметтік дүкендерде қызмет ететін кәсіпкерлерге арнайы төмен пайыздық «займ» береміз. Ал олар өнімдерді кімнен және қаншаға алатынын өздері біледі. Бастысы, біз бекіткен бағада саудалауы қажет. Өрине, мұндай заңсыздықтарға біз жол бермейміз. Зерттеу-зерделеу жұмыстарын жүргізіп, жауапты адамдарды жауапкершілікке тартамыз, – деді директор Талғат Бекішов.

Баспасөз жиынында, сондай-ақ ауылшаруашылығы министрлігі қазір елдегі қант тапшылығын жою мақсатында Үндістанмен келіссөздер жүргізіліп жатқаны айтылды. Одан бөлек өзге дүкендер өнім бағасына 15 проценттен артық үстемақы қосқаны үшін жауапкершілікке тартылатыны да ескерілді.

Динара ЖҰМАДІЛ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
студенті

БАБЫН БІЛСЕН, ПАЙДА МОЛ

– Шыныны айту керек. Қазір бізде омарташылық кәсіп дұрыс дамымай тұр. Өсіресе ауыл-аймақта. Мүмкіндік жетеді. Қазіргі таңда араның ұясын көршілес Ресей мен Өзбекстаннан әкелеміз. Барлық омарташылар бірігіп, сол жастарға тапсырыс береміз. Өркім қажетінше алады. Себебі ауылшаруашылық кооперативі арқылы субсидия алу ыңғайлы. Бабын білсен, кез келген жерден пайда табуға болады. Былтыр 350 келідей бал алдым. Ал енді жаңадан бал өсірушілерге келсек, олар алдымен жан-жақты танысуы қажет. Жалпы біздің әлеуметтік желіде арнайы тобымыз бар. Сол арқылы бір-бірімізбен хабарласып, балдың және араның бағамдарын бақылап отырамыз. Осыдан бірнеше апта бұрын бал арасына қатысты жан-жақты қамтылған кітап алдырдым. Сондай дүниені жаңадан айналысушылар тауып оқыса... Бұл – отбасылық бизнес. Егер өзін ғана қызығушылық танытып, жолдасың немесе бала қарсы болса, қоя тұрған жөн. Ол кезде шаруаныз алға басуы қиын. Ара ерекше күтімді қажет ететін болғандықтан отбасылық қолдау болу керек, – дейді кейіпкеріміз.

Кәсіп иесінің айтуынша, ара балының емдік қасиеті ойда. Сонымен қоса ол жастардың шаруаны төрт түлікке тіреп қоймай, ара өсіру секілді сұранысқа ие тағы басқа тіршілікке мойын бұрғанын қалайтынын жеткізді. Алайда оны жай ғана ермек үшін емес, отбасының әл-ауқатын арттырып, елдің, оның ішінде өзіміздің дамуына ықпалдай болса да үлес қоса дейді. Бұл – дұрыс пікір. Енді осы бастаманы қолдайтын жастар табылса иі.

P.S. Осындай пайдалы істі жолға қойған кейіпкеріміз алдағы уақытта өз кәсібін одан әрі дамытып, кеңейтпек ойда. Сонымен қоса ол жастардың шаруаны төрт түлікке тіреп қоймай, ара өсіру секілді сұранысқа ие тағы басқа тіршілікке мойын бұрғанын қалайтынын жеткізді. Алайда оны жай ғана ермек үшін емес, отбасының әл-ауқатын арттырып, елдің, оның ішінде өзіміздің дамуына ықпалдай болса да үлес қоса дейді. Бұл – дұрыс пікір. Енді осы бастаманы қолдайтын жастар табылса иі.

Басы 1-бетте

А.БІТІМБАЙ

Биыл – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойы. Осыған орай еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі деңгейде шаралар өткізілуде. Соның бірі – қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №3 кітапханада өткен «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында ұйымдастырылған «Ұлттың рухани көсемі» атты әдеби кеш.



■ СҰХБАТ

Сонау 1972 жылы алғаш іргетасы қаланған Қызылорда облыстық филармониясы бүгінде іргелі өнер орталығына айналған. Төл тарихында талай талантты тәрбиелеген өнер ордасының қазақ мәдениетінде алар орны айрықша. Ел тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары қол жеткізген жетістіктері ұшан теңіз. Қазіргі таңда филармонияда түрлі жанрдағы 8 өнер ұжымы жұмыс жасап келеді. Оның ұлтқа ұстын, ұрпаққа ұран боларлық тағылымды шаралары көптеп саналады. Соның бірі – жуырда Өзбекстан еліне ұйымдастырылған «Жыр керуені» танымдық зерттеу экспедициясы. Осы орайда облыстық филармония директоры Талғат Мақашовпен аз-кем әңгіме құрып, сапардың мақсаты мен жоспары жөнінде сұхбаттасқан болатынбыз.



Талғат МАҚАШОВ, Қызылорда облыстық филармония директоры:

«ӨНЕРДЕ ШЕКАРА БОЛМАЙДЫ»

– Талғат Бақытбекұлы, Өзбекстан елінде өткен экспедициядан алған әсерлеріңіз қалай? Ол жаққа барғандағы басты мақсаттарыңыз қандай еді?

– Өзбекстан сапарындағы әсер өте жоғары деңгейде болды. Оған себеп, біз бұл сапарды көптен жоспарлап жүрген болатынбыз. Бірақ елдегі екі жылға созылған індет ахуалы жоспардың межелі уақытында орындалуына мүмкіндік бермеді. «Сабақты ине сәтіммен» дегендей биылғы жылы үлкен тәуекелдікпен артынып-тартынып, Өзбекстан сапарын бастап кеттік. Шамамен Үшқұдық ауданы, Жалпақтау етегінде жатқан Балқы Базар бабамыздың мазаратына дейін үш мың шақырымдық жол екен. Ойға алған мақсат жолдың алыстығын ауырсынуға мұрша бермеді. Себебі, Қазақстан тарапынан Балқы Базар

апарды. Төле би бабамыз исі қазақ үшін қасиетті де құрмет тұтатын тарихи тұлға. Бабамызға Құран бағыштаған соң бұл жерде ұзақ аялдамадық. Бұдан кейін Самарқандтағы Ақсақ Темір, Жалаңтөс баһадүр мазаратына барып, рухани қуат алдық. Бұл жақта біз айтып отырған тарихи тұлғалардың мазарат кесенесі өте жақсы сақталған. Үшінші күн дегенде Үшқұдық ауданына табан тіредік. Ауыл азаматтары үлкен ынтызарлықпен қарсы алды. Содан соң 140 шақырымдық жердегі Балқы Базар кесенесіне бардық. Жапан түзде жалғыз Балқы Базар кесенесі тұр. 1990 жылы бой көтерген бұл кесенеге 2020 жылы орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жан-жағындағы ел үдере көшіп кеткен. Әрине өндіріс, кәсіпорын болмағасын ел де тіршілік қамымен табан аударды ғой. Жалпы айтқанда, бұл маңда тұтін

Алматы қаласында Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының концерт залында Тұрмағамбет Ізтілеу-ұлының 140 жылдығы мен Базар жыраудың 180 жылдығына арналған «Сыр сүлейін сұрасаң...» атты дәстүрлі орындаушыларының жыр кеші ұйымдастырылды. Концерттік бағдарламада Сыр елінің жыраулық мектептері Нұртуған, Жиенбай, Нартай, Сәрсенбай жыраулардың ізін жалғастырушы кейінгі буын жыраулар – «Халықаралық ақын-жыраулар одағының» мүшесі А.Бүрлібаев, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Руслан Ахметов, Сәрсенбай жырау мектебінің өкілі Майра Сәрсенбаева, ҚР мәдениет саласының үздіктері Ақмарал Ноғайбаева, Серік Жақсығұлов, түрлі деңгейдегі жыршылар байқауының жеңімпаздары Әділхан Қуаңбаев, Бисенбек Төлеубай, Марат Сүгірбай, Жақсан жыраудың немересі Жәнібек Жақсанов және дәстүрлі орындаушы Бағдаулет Қарғабаев өнер көрсетіп, алматылықтарды өлең-жырмен сусындатты. Әрине, бұл тек облыстық филармонияның айналасындағы жұмыстар. Ал Базар шығармашылығын насихаттау бағытында әлде де ауқымды жұмыстар жүргізу қажет деп ойлаймын.

– Өзбекстан сапарына қайта оралсақ, ол жақтағы тыңдармандар жыраулар шығармасын қалай қабылдады?

– Қайтар жолымызда Нұрата жеріндегі Әйтеке би бабамызға соға кеттік. Мұндағы халық жылдағы дәстүр бойынша бабаға арнап ас беріп жатыр. Ұлы дудың үстінен түсіп қазақ қандас ағайындармен тағы бір мәрте қайта қауыштық. Осында біздің жыраулар төгіліп жырлап, кесіліп сөйледі. Халық ризашылығын білдірді. Әрине көрген, білгеннің барлығы бір баяндамаға тарлық етеді. Дегенмен осы бағыттағы дүниелерді кеңінен насихаттау мақсатында алдағы уақытта жергілікті телеарналардан ауқымды деректі фильм ұсынуға жұмыс жасап жатырмыз.

– Бұл бағыттағы іс-шаралар бұған дейін өткізілді ме? Осы тұрғыдан алда қандай жоспарларыңыз бар?

– Филармония ұжымы бұған дейін де Өзбекстандағы қазақ диаспорасымен ынтамақтастықта жұмыс жасап келеді. 2014 жылы Әйтеке бидің 370 жылдығына орай Ташкент, Шыршық қалаларында «Сыр – алаштың анасы» атты концерт берсе, 2015 жылы эстрадалық орындаушыларымызбен «Томирис» би ансамблінің гастрольдік сапары өткізілді. 2019 жылы Қазақстанның Өзбекстандағы жылы аясында Навои қаласында «Сыр-дария – достық арнасы» тақырыбында концерт өтті. Бұған дейін концерттер Ташкент, Навои қаласы мен аудан орталықтарында ұйымдастырылса, алдағы уақытта міндетті түрде Үшқұдық, Тамды аудандарына гастрольдік сапарлар ұйымдастырылады деп жоспарлануда. Мұндағы мақсатымыз – шайырлар шығармашылығын насихаттау. Бабалар өнерін болашаққа дәріптеу тұрақты түрде жүргізіле бермек. Ал өнерде ешқашан шекара болмайды.

– Әсерлі әңгімеңізге рахмет!
Сұхбаттасқан Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Кеш барысында «Ұлтын сүйген ұлы адам, ұлы тұлға» және А.Байтұрсынұлының канатты сөздері атты екі бөлімде кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Әдеби шарда М.Мәметова атындағы педагогикалық гуманитарлық колледж студенті Нұркелді Өтепберген А.Байтұрсынұлының «Қазақ салты» өлеңін және Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицей оқушысы Мұстафа Русланұлы Алаш қайраткері Смағұл Сәдуақасовтың ақын А.Байтұрсынұлына арнаған «Заманынан оқ бойы озып туған» атты арнау өлеңін оқыды.

Филология ғылымының кандидаты Аман Абасилов шараның маңыздылығына тоқталып,

Ахмет Байтұрсынұлов шығармаларына талдау жасады. Облыстық тілдерді дамыту орталығы директорының орынбасары, ғылым магистрі Айдана Махамбет ұлт ұстазының тіл әліппесін құрастырудағы еңбек жолын ерекше атап өтіп, оның ұлт келешегі жолында жасаған жанкешті жұмысы жайында пікір білдірді. М.Ералиева атындағы мәдениет үйінің директоры Нұрмат Мансұров XX ғасырдағы қазақ мәдени көшбасшылары, оның ішінде сол кездегі қазақ қоғамы туралы ойын айтып, ағартушы ғалымның өмірі және еңбек жолына жан-жақты тоқталып өтті.

Ахмет Байтұрсынұлының басты мақсаты қазақ балаларын сауаттандырып, көкірек көзіне білім нұрын себу болды. Ол – осы мақсат жолында аянбай қызмет еткен ұлы тұлға.

Шара қорытындысында М.Ералиева атындағы мәдениет үйінің қызметкері, дәстүрлі әнші, Жұмабай Шерниязов А.Байтұрсынұлының сөзіне жазылған «Аққұм» әнін орындаса, мектеп оқушылары ақынның «Маса» және «Қырық мысал» кітабынан өлеңдер оқыды.

Мүсілім ШАЙДУЛЛА

КІТАПХАНАҒА КӨМЕК КЕРЕК



КӨНЕДЕН ЖЕТКЕН КӨРКЕМ ДҮНИЕ

Қазіргі кезде қалалық кітапханаға қарасты 21 кітапхана жұмыс істейді. Олар шаһардың әр бөлігінде орналасқан. Орталығы Чайковский көшесінде орналасқан А.Пушкин атындағы қалалық кітапхана. Бұл кітапхана 1949 жылы қазіргі М.Әуезов көшесінің бойында ашылған. Оған А.Пушкиннің 150 жылдығын бүкіл дүние жүзі атап өтуіне байланысты ақынның есімі берілді. Кітапхананың алғашқы оқырмандары қазақтың классик жазушысы А.Токмағамбетов, белгілі ақын Ә.Оңал-



Бүгінде «Rabis» бағдарламасы бойынша кітапханалардың электрондық каталогы құрылған. Кітапханашылар кітап іздеген оқырманның сұранысын іздеп

сайын керек емес кітаптарды есептен шығарып отыратын. Ал соңғы жылдары кітаптарды қорға қоспаса, азайтып жатқан жоқ. Осыған орай кітап сөрелерінің жетіспеушілігі орын алуда. Тіпті он жыл көлемінде кітапханаға қажетті жаңа құрал-жабдықтар алынбағанын да айтып қалды.

ЕСКІ ҒИМАРАТ ЖЫЛ ӨТКЕН САЙЫН КӨНЕРІП БАРАДЫ

Жайлы ғимарат болса... Бұл – қалалық кітапхананың жанды жері. Шыны керек, қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің орталығы «Пушкин» кітапханасы көпқабатты тұрғын үйдің бірінші қабатында орналасқан. Өкінішке орай биыл үстіңгі қабаттағы үйдің бірінен су кетіп, қаншама кітап бүлінген. Алайда оны кітапханашылар өздері қайта жөндеп, кітаптарды далаға шығарып, күнге кептірген. Ақнұр апайдың айтуынша, бұл ғимарат күрделі жөндеуді қажет етеді. Кітапханашылардың басты арманы да сол. Әрине, оқырманға қолайлы жағдай жасау үшін кітапхана қызметі жоғарғы деңгейде болу керек.

Қарап отырсаңыз шет елдегі кітапханалар оқырманды алыстан мемнұңдалап шақырып тұрады. Олардағы кітапхана ерекше архитектуралық дизайнмен салынған. Мәселен, жүзіп келе жатқан кеме немесе адамның миы сынды ерекше ғимараттарымен кісіні тартады. Сыртқы келбетімен кітапхана өзінің мәртебесін, қоғамдағы қажеттілігін көрсетіп тұрғандай.

Қалалық кітапхананың бүгінгі көрінісін көзбен көріп, біздің қалалық кітапханаға да ерекше стильде жаңа ғимарат керек екенін ұғынып қайттық. Сыртқы келбетіне қызыққан адам кітапхана ішіне де үніледі. Себебі жайлы, ыңғайлы, кең кітапханада кімнің де болса кітап оқуға деген құлшынысы артары анық.

«Қала әкімінің назарына!» деп арнайылап айдар таққан мақаламыз шаһар басшысы Асылбек Шаменовке жетіп, рухият ордасы үшін жаңа ғимарат салынады деген үміттеміз.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ



басына барып, танымдық-зерттеу экспедициясын ұйымдастырып жатқан өнер ұжымы кемде-кем. Сондықтан Қызылорда облыстық филармониясы үшін салмақты сапар болды деуге негіз бар. Бұл экспедициялық сапардың мақсаты ауқымды. Осы уақытқа дейін Балқы Базар бейнесі нәм шығармашылығы тұрасында біршама зерттеулер, ғылыми мақалалар жазылып келді. Бірақ бұл көбіне Сыр бойы халықтарының арасындағы деректер негізінде қарастырылды. Ал біз айтып отырған Балқы Базар тек Сырдың бойы емес бүтін қазақ даласына ортақ тұлға. Бір кездері бүтін бір аймақ болып есептелгеннен қазір Новайы, Тамды, Үшқұдық, Кенемек жерлері Өзбекстан республикасына қарасты, шекараның арғы бетінде қалған ел. Дені қазақ жұрты. Базар бабамыздың өмірінің басым бөлігі осы жерлерде өткенін ескерсек, Сыр шайыры туралы тың деректерді осындағы қазақ ағайындардың арасынан іздегенді жөн көрдік. Экспедицияның танымдық-зерттеу әрі ғылыми өзектілігі де бар деуге болады. «Балқы Базар зерттеу-танымдық экспедициясының» негізгі мақсаты – Балқы Базар мазаратына зиярат етіп, сол маңайдағы халық арасынан бабамыздың өмірі мен шығармашылығы тұрасында мәліметтер жинау. Табылған тың термелерді филармония жырауларының жыр қорына енгізу. Жұмыс нәтежелі болды.

Шекарадан өткеннен кейін Ташкент тұрғыны Мұхтар бауырымыз бізді бастап әуелі Төле би бабамыздың басына

түтетіп отырған бірде-бір ошақ жоқ. Бабамыздың кесенесіне қоршау қажет екендігі бірден байқалады. Әрине, «Қыстаған куда не сын бар», – деп Базар бабамыздың өзі жырылағандай, елсізде қалған кесенеді аса ең бола бермесі айтпаса да түсінікті. Ал мұндағы ағайын қал-қадірініше жөндеу жұмыстарын жүргізгенін басында айтып өттім. Бұдан соң Үшқұдыққа келіп, ауыл ақсақалдарымен емен-жарқын әңгіме құрдық. 1990 жылы Балқы Базар кесенесін тұрғызуға бастамашы болған Абдулла Керуенбаев ақсақал ортамыздан табылды. Бар көрген-білгенін баян етті. Бабамыздың 150 жылдығын атап өту шарасы барысында Тамды, Үшқұдық аудандарынан жиналған қаржыға осы кесенені тұрғызғандығын тілге тиек етті. Одан кейін Балқы Базардың кесенесін тұрғызған ұста Төрехан Дәдібаев ағамызбен де сұхбат құрдық. Ағамыз бұл маңайдағы кесенелерден Балқы Базар кесенесінің ерекшелігін атап өтті. Құрылысты жүргізу барысында бастан өткен тылсым оқиғаларды да жасырмады. Мұның бәрі бабамыздың кереметі деп бағамдай отырды Төрехан ұста. Сөздің қысқасы, осы уақытқа дейін құлақпен естігенімізді көзбен көріп, қолмен ұстап қайттық. Сапар жемісті болды.

– Базар Оңдасұлы шығармашылығын насихаттауда қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Бүгінгі таңда Балқы Базар шығармалары Сыр бойындағы барлық жыршы, жыраулардың жырқорында бар. Сондай-ақ осы жылдың 23 мамырында



баев, сол кездегі жас ғалым Ә.Тәжімағамбетов болды. Ал кітапхана кеңесінің алғашқы төрағасы – Қазақстанға белгілі ғалым Әуелбек Қоңыратбаев. Осылайша кітап сүйер қауым үшін бұл жер олардың жиі бас қосатын орнына айналды. Бүгінде кітапхана ұжымын Гүлмира Рахметова басқарып отыр.

Кітапхананың құнды дүниесі кітап болса, басты байлығы оқырман екені даусыз. Қазір қорда 644598 дана кітап бар. Ақпараттық технологиялар дамыған жаһандану заманында оқитын қауымды жинау оңайға соқпайды. Дегенмен мекеме бастысының орынбасары Ақнұр Айкөненің айт-уынша, кітапханаға келушілер әлі де баршылық. Әсіресе көркем әдебиеттен қол үзбей үнемі оқып тұратын жастардың да көп екенін айтты.

– Оқырмандарды қызықтыру мақсатында ірі жобалар, көрмелер мен акциялар, кездесулер басқа да шараларды жиі өткіземіз. Мәселен, «Әдеби автобус», «Ертегімен есейемін», «Қаламгер сағаты», «Ұлылардан ұлағат» тағы осы секілді түрлі жобалар аясында кең көлемде шаралар ұйымдастырылады. Сол сияқты әдеби жәрмеңке, байқаулар, түрлі танымдық ойындар өтіп тұрады. Пандемия кезінде онлайн шараларға да ден қойдық. Әлеуметтік желілер арқылы онлайн көрмелер, тікелей эфирлер, сұхбаттар ұйымдастырып, оқырмандармен байланысты үзбеуге тырыстық.

Басы 1-бетте

ӨРТ ӨТІНДЕГІ ӨМІР

– РЕПОРТАЖ –



ҚАЛАМЫМЫЗДЫ ҚОЙЫП, ҚҰТҚАРУШЫ ҚЫЗМЕТКЕРІ АТАНДЫҚ

Жә, сонымен бізді №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Қанат Бисенбаев қабылдап, бөлімше командирі Мағжан Мұхтарұлына нұсқаулық берді.

Бөлімше командирі Мағжан Темірбектің бастауымен техникалар тұрған орынға табан тіредік. Қаз-қатар тізілген қызыл көліктер көзге құдды бір қызыл жалынды елестеді ме, қалай өзі?! Әйтеуір көңілде күмәнді ойлар ұялап, санданды сан саққа бөлейді.

Біз бір сәт осы саланың жұмысшысы болып, қаламызды қоя тұрып, құтқарушы қызметкері болып көрдік. Арнайы киімдерін киіп, кәнігі мамандарша қолымызға құрылғылар алып, қолдану әдістерін жасадық. Салмағының өзі бес келіге жуық болатын киімді небәрі он сегіз секундта киіп болуың керек. Брезент киім арнайы құтқару жасағы жұмысшыларына арналып тігілген. 200 градус ыстыққа 3 секунд, 100 градус ыстыққа 5 секунд шыдас береді. Енді қараңыз, сонда осы уақыт аралығында өзіне жүктелген міндетті мүлтіксіз атқарып шығуың тиіс. Міне, жылдамдықтың қажет кезі. Оқиғадан келісімен қайта жауынгерлік әзірлік жұмыстары жүргізіледі. Оған он минут уақытты үлгеруің керек. Әйтпесе, «жаман айтпай жақсы

жоқ» тағы шақырту келсе қайта шығуға тура келеді. Сол үшін мұндағылар аса сақтықпен отырады.

ӨМІРБЕКТІҢ ЕРЛІГІ

Осы мекемеде ұзақ жылдан бері жемісті жұмыс істеп келе жатқан тәжірибелі маманның бірі – азаматтық қорғау аға сержанты Өмірбек Тәжмағанбетов. Өмірбектің өмірі осы саламен тығыз байланысты. Ол осы мекемеде он бес жылдан бері табанды еңбек етіп келеді. Тәжірибесі толысқан маман бізге басынан өткен оқиғасын баяндап берді.

– Бір күні «Ақмешіт» мәлтек ауданында өрт оқиғасы тіркеліп, сонда шақырту алдық. Дереве межелі мекен жайға жетіп, тұрғындарды эвакуацияладық. Бір мезетте үй ішіне тексеру жүргізудемін. Көзге түртсе көргісіз қою қара түтін. Лаулаған өрт жалыны жанына жолатпайды. Оған қарап антарылып тұруға уақыт тапшы. Аз-кем аялдап тұрдым да тұңғыш түтінінің ішіне қойып кеттім. Бір мезетте терезе жақтауының алдына сүйеніп, тұрған қарт кісіні құтқарып алып шықтым. Оның бозарған түрі, шарасыз кейпі әлі

Тілші түйіні

Расмыен, сіз бен біздің бас аمانдығымыз әуелі өзімізге содан соң мамандар біліктілігіне байланысты. Ендеше ел ішінде болатын әрбір жағдайға жанашырлық танытып, қоғам болып қолдау көрсетуіміз керек. Сонда ғана Жана Қазақстанның нұрлы болашағын бірге қалыптастыра аламыз. Біздің бір күнгі өрт сөндіру мекемесіндегі өмір осылай өрбіді. Әрбір өрт сөндіруші – қаһарман. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осыған саяды.

күнге көз алдымда. Осы сәт ойыма түссе күні бүгінге дейін бойымды бір үрей билеп алады. Адам қанша жерден мықты болғанымен тілсіз жаудың алдында дәрменсіз. Сол үшін қай кезде де сақтық қажет деп ойлаймын. Өрттің 80 проценті балалардың қатысуымен болса, 20 проценті электр желілерінің ақауынан орын алады, – дейді Өмірбек Шакизадаұлы.

Көз алдыңызға елестетіп көріңіз, үстінде қалың киім қолында ұзын су шлангасы, арқанда он бес келілік ауа аппараты бар. Онымен қоса жауынгерлік балта, қасқа, фонарь болады. Осыларды арқалай жүріп, отыз екі метрлік сатымен төмен қарай адам алып шығуың керек. Міне, нағыз ерлік деп осыны айт.

ЖОЛ БЕРУ МӘСЕЛЕСІН ЖОЛҒА ҚОЙСАҚ...

№1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Қанат Бисенбаевтың айтуынша, биылғы жылдың бес айында қала бойынша бес өрт оқиғасы тіркелген. Көбіне тілсіз жаудың орын алатын жері тұрғын үй секторы. Сонымен қатар автомобильдерде келенсіз жағдай туындап жатады. Дала және орман өрті де өзекті болып отыр. Өрт оқиғалары көбіне көктем және күз мезгілдерінде белең алады. Техникалар түгел жаңа жабдықтармен қамтылған. Барлығы заманауи талапқа сай құрастырылған. Сондықтан сапасы авариялық жұмыстарға төзімді болып келеді. Ең бірінші ескерер жайт, жергілікті тұрғындар көшеде құтқару қызметі көлігіне жол беру мәселесін назарға ұстаса. Біздің өңірде осы жағы ақсап тұрған тәрізді. Басшының бұйымтайы буынсыз емес.



Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

СОЛАҚАЙ – ЕРЕКШЕ ЖАРАТЫЛЫС ИЕСІ

Солақайлар – ерекше жандар. Қасындағы адамның сол қолмен жұмыс істеп отырғанын көрсен, таңғаласың. Мәселен, өзің сол қолмен жазып немесе тамақ ішіп көрсен істей алмайсың. Осыдан-ақ олардың ерекше қасиетке ие екенін байқауға болады.

Солақайларды жазғыра алмаймыз, оны өздері таңдап алмады. Олар өздеріне қай қолы ыңғайлы болса, сол қолмен әрекет қимыл жасайды.

Қоғамда солақайлықты кемістік көріп, солақай жандарға үрейлене қарайтын көзқарас жоқ емес. Баласының қасықты сол қолмен алып, тамақ ішіп отырғанын намыс көріп, «оң қолыммен іш» деп талап қоятын ата-аналар да кездеседі. Бұрынғы кезде сол қолмен жазатын адамдарды ауру деп есептеп, аномалия деп сырқатқа атау берген. Бүгінде медицина ғылымы солақайлық ешқандай кемістік емес, ол табиғи қалыпты жаратылыс екенін дәлелдеді. Ол баланың дағдылануынан ғана емес, дүниеге келгенде солай жаратылып тууына байланысты дейді. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, солақайлар осыдан жиырма жыл бұрынға қарағанда екі есеге көбейіп келеді екен. Әлемдегі халықтың шамамен 10-12 проценті солақайлар.

Бір қызығы, дарындылардың көбі солақайлар арасынан шыққан көрінеді. Себебі психологтар оларда шығармашылық потенциал мықты деген баға беріп отыр. Әйгілі шығармалардың басым бөлігі солақайлардың туындылары. Мысалы, шетел жазушыларын алатын болсақ Леонардо Да Винчи, Альберт Эйнштейн, Чарли Чаплин, Иван Павлов солақай болған. Нұрғиса Тілендиевтің домбыраны



тартып жіберіп, оң қолмен жеуді үйретсем де дағдылана алмады. Содан мұның ерекшелік екенін байқап, қызымды қинамадым. Қазір 1 сыныпты бітірді. Жазуы жақсы. Мұғалімге қолын партаға ыңғайлап қойыңыз деп ескерткенмін. «Солақай болудан ұялма, сен ерекше баласың» деп айтып отырамын. Бір танқаларлығы, Аллаға шүкір қызым алғыр, болашағынан көп үміт күтемін, – дейді журналист Айтолкын Айтжанова.

Солақайлар туралы қызықты ақпарат та көп-ақ. Олардың бойында ерекше қасиет болады. Олар ғылым, өнер, спортқа жақын келеді. Олардың мінез-құлқы да дербес. Мазасыз, катал әрі эмоцияға көп беріледі. Солақай жандарды сабырға шақыру қиын.

Оңқай бол, солақай бол – мұның бәрі адам жаратылысына

Алланың дарытқан қасиеті. Қалай дегенмен, солақайлықтың әлі ашылмаған сыры мен құпиясы көп дейді ғалымдар. Егер балаңыз солақай болса кемістік деп емес Алланың берген ерекше сыйы деп қабылданыз.

Арайлым
ҚУАНЫШБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
студенті

«Қалаулымды» көретіндер кім?

Бүгінде «Қалаулым» – рейтингтің ең басында тұрған бағдарламаның бірі. Ел болып жұмылып бұл бағдарламаны жабұға тырессақ та мүмкін болмады. Себебі көрермені өте көп. Көк жәшікке телміргендер осы бағдарламаны көруге асық. Негізгі бағдарламаның мақсаты – екі жасты жұптастыру, шаңырақ құруға ұйытқы болу. Алайда бұл бағдарламада халқымызға жат қылықтар көрініс береді. Мәселен, біздің салтта қашан қыз жігітті айттырып келген. «Қалаулымнан» қалаулы жігіттерін іздеп келген қыздарды көріп, талай мәрте жағамды ұстадым. Қыз айттырған халықтың «Қыз жігітті айттырып келді» дегенін бұрын-соңды естіп пе едіміз? Бұл бағдарламада мұны да көрдік. Оларда ұят, намыс жоқ па? Өн бойы инабаттылық пен ибалылықтан құралған қыз баласына жат қылық. Бұл жерде қыз баласының биязылығы байқалмайды.

Ел ішінде «бір жігітке сегіз қыздан келеді» деген сөз де бар. Алайда дәл осылай қыздың жұрт алдына шығып, жігіт іздеуі әбестік емес пе? Ұнату, ғашық болу, танысу арқылы өз жұбын таба алмай ма? Осы бағдарламаға барып, нені көздеп отыр? Мақсаты не? Танымалдылық болар... Мұндай танымалдылықтың кімге, қандай пайдасы бар? Бұл біздің ұсақталып бара жатқанымыздың, бағыстың теріс қылықтарын көргеніміздің пайдасы ма, әлде?

Қазіргі кейбір қыздардың махаббаттан тайынбай, ер-азаматқа «сені ұнатамын», «іздегенім сен» деген сөздеріне етіміз үйренген секілді. Өрине, бұл қазақ халқына өте жат нәрсе. Ал тепсе темір үзетін жігіттердің өзінің жарын бағдарламаға барып іздеуі үлкен қателік. Шыны керек, осындай қыз-жігіттердің кесірінен біздің



тәрбиеміз бен санамыз жоғалып бара жатқандай. Тікелей эфирде отырып өз-өздерін көрсету үшін не бір жат қылықтар жасалып жатқанын байқаймыз. Келешекте жас буынға қандай тәрбие береміз? Сондықтан үлгі алар өнегесі жоқ бұл бағдарламаны жабу үшін әрекет еткеніміз жөн болар. Қыз – болашақ ана. Ұлтты тәрбиелейді. Теріс тәрбиеде өскен қыздар ертен өз ұрпағына қандай өнеге айтып, тәрбие береді? Ойланайық... Ой тастайық...

Арайлым
ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
студенті



РЕСЕЙ-УКРАИНА: МЕКТЕПТЕГІ «МЕЙІРІМ»

Украинада бұл жазбалардың фотосуреттері Ресейдің негізсіз агрессиясы, қатыгездігі мен орасан шығынның символына айналды. Алайда Ресейде бұл мүлде басқаша ұғым қалыптастырған. Ресейліктер бұл жазбаларды мейірімділік деп қабылдады. Ресейлік «Лента.ру» ақпарат агенттігі сайтында «Украиндық балаларға арналған әсерлі хабарлама» атты мақала жарияланды және ресейлік «Царыград» телеарнасының сайтында украиналық балаларға ресейліктер «оқуларына сәттілік тілейді» деген «жүрекжарды» жазба жарық көрді.



Ресейдің бұрынғы Мәдениет министрі Владимир Мединский бір суретті өз парақшасында бөлісіп, оның мазмұны «елжіреткенін» айтты.

Киевтің шығысындағы Чернигов облысындағы Ново Быково ауылында да директор Наталья Вовк тақтаға жазылған бірнеше жазба тапқан. Олардың көпшілігі украин және орыс халықтарын бейбітшілік пен достыққа шақыратын мазмұнда жазылған. Соғыс кезінде Новобывковская орта мектебі қатты зардап шекті. Директор Вовк өткен айда CNN-ге берген сұхбатында снарядтардан мектеп төбесі қатты зақымдалғанын және барлық терезелер сынғанын айтқан.

«Кітапханаға зақым келді. Мектеп оқулықтары толығымен өртеніп, бірде-бір оқулық қалмады. Парталар сынды, құрал-жабдықтар мен компьютерлер ұрланды», – деді ол.

Алайда көптеген сыныпта орыс әскерлері бейбітшілікке шақыратын жазбалар қалдырған. «Кешіріңдер, біз бұл соғысты қаламадық. Славян ағайындар, сендерді алдап жатыр. Соғыс – жаман, соғыспандар, балалар!» – делінген жазбада.

Басқа тақтада «Бейбіт өмір сүрейік!!!» деп жазылған. Келесі бір жазбада «Біз бәріміз славян бауырларымыз. Ағайындардың бір-біріне пышақ алып жүргені дұрыс емес» делінген.

«Бізге 100000 гривен тұратын интерактивті панель болды. Оны ұрлап кетті. Принтерлер мен ноутбук ұрланған. Ұрлай алмағандарын сындырып, жарамсыз етіп тастады», – деп директор Вовк та мектепке көп шығын келгенін айтты.

Новобывковская мектебінің ғимараты үш жағынан мектеп ауласын қоршап тұрған «П» әрпінің үлгісінде салынған. «Бұл олар үшін ыңғайлы болды, олар ортаға гранатомет орнатып, мектептің ортасынан зымыран ұшырды. Мектепке көптеген жол бар. Бір жағынан кіріп, екінші жағынан шығуға болатыны оларға өте ыңғайлы болды. Тіпті олардың мектеп ішінде өз асханасы болған», – деді директор.

Вовк ресейлік әскерилер қалдырған кейбір хабарламалар олардың шарасыздығын көрсетеді деп есептейтінін айтты. Оның айтуынша, көпшілігі соғысқа қарсылық білдірген және кем дегенде бес жазба достыққа шақырған. Соның ішінде директор мектептен «Біз мұнда не істеп жүргенімізді білмейміз» деген жазбаны да көргенін айтқан.

Ал Киевтің солтүстік-батысындағы Здвижовка ауылындағы Здвижев гимназиясында басқа сипаттағы хабарлама табылды. «Путин – сендердің президенттерің. Жақсы оқыңдар. Ресейге білімді азаматтар керек», – делінген жазбада.

Қауіпсіздік мақсатында аты-жөнін атамауды өтінген мектеп қызметкерінің айтуынша, наурыз айының соңында ресейліктер аймақты тастап кеткеннен кейін мектеп аумағында үш сым миңасы табылған. Оның айтуынша, Ресейдің бақылауында болған Здвижевская мектебі Ресей Ұлттық гвардиясына қарасты ОМОН-ның штабы болған. Басқа екі мектептегідей, Здвижевск мектебінің де барлық құрал-жабдықтары ұрланған немесе жойылған.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Басы 1-бетте

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті РТ СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4261 Танысырыс №946

Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ